

"Стационарлық көмектің шектеулі көлемін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 26 қарашадағы № 799 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 10 желтоқсандағы № 957 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 23 желтоқсанда № 6703 болып тіркелді

Қ о л д а н у ш ы л а р д ы ң н а з а р ы н а !

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодексінің 34-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету м а қ с а т ы н д а

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Стационарлық көмектің шектеулі көлемін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 26 қарашадағы № 799 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5949 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және басқа орталық мемлекеттік актілер жинағында жарияланған, № 7, 2010 жылы) мынадай өзгерістер

енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес туберкулезге қарсы, жұқпалы, психиатриялық, наркологиялық медициналық ұйымдарды, қалпына келтіре емдеу және медициналық оңалту ұйымдарын, сондай-ақ паллиативтік көмек пен мейірбике күтімін көрсететін ұйымдарды қоспағанда стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында стационарлық көмектің шекті көлемдері;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес туберкулезге қарсы, жұқпалы, психиатриялық , наркологиялық медициналық ұйымдарда, қалпына келтіре емдеу және медициналық оңалту ұйымдарында, сондай-ақ паллиативтік көмек пен мейірбике күтімін көрсететін ұйымдардан басқа стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында стационарлық көмектің шекті көлемдері.»;
көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшада:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Туберкулезге қарсы, жұқпалы, психиатриялық, наркологиялық медициналық ұйымдарды, қалпына келтіре емдеу және медициналық оңалту ұйымдарын, сондай-ақ паллиативтік көмек пен мейірбике күтімін көрсететін ұйымдарды қоспағанда

стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында стационарлық көмектің шекті көлемдері»;

«Стационарлық емдеуге жоспарланған науқастар саны» бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«

Стационарлық емдеуге жоспарланған науқастар саны
106116
88629
203204
60917
205755
141711
86338
177509
101046
113484
64326
105668
92711
321570
127451
193406
2 189 841

»;

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшада:

«Туберкулезге қарсы, жұқпалы, психиатриялық, наркологиялық медициналық ұйымдарда, қалпына келтіре емдеу және медициналық оңалту ұйымдарында, сондай-ақ паллиативтік көмек пен мейірбике күтімін көрсететін ұйымдардан басқа стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында стационарлық көмектің шекті көлемдері.»;

«Стационарлық емдеуге жоспарланған науқастар саны» бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«

Стационарлық емдеуге жоспарланған науқастар саны
15538
15998
28972
10000
36433
18890

15763
38528
11900
17734
13380
23171
15200
50514
19108
50627
381756

».

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті (А.Ғ. Төлеғалиева) заңнамада белгіленген тәртіпте осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті (Ф.Б. Бисмильдин) оны мемлекеттік тіркегеннен кейін осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Е.Ә. Байжүнісовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық оны алғаш ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.

Министр

С. Қайырбекова